

Эстетикалық бағыттағы гимназиясы
Қамқоршылық кеңес отырысы
Хаттамма №1

Күні: 29.08.2023ж

Қатысқандары: 9

Қатыспағаны: 1

Шақырылғандар: Қайржанова А.З., мектеп директоры, Абдрахимова А.Д., әлеуметтік педагог.

Күн тәртібінде:

1. Гимназияның жаңа оқу жылына дайындығы туралы. Қайржанова А.З.
2. Қамқоршылық кеңестің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту. Лямов Д
3. Мектепке жол акциясы. Нигметова Д.

Тыңдалды:

1 мәселе бойынша мектеп директоры айтып өтті:

«Құрметті ата аналар 2023-2024 оқу жылына 1780 оқушымен 64 сынып комплектісімен бастағалы отырмыз, Оқу үрдісі үш ауысымда жүргізіледі. Бастауыш сыныптардың орташа сыйымдылығы 32 оқушы, жоғары сыныптар 22 оқушыны құрайды. Жаңа оқу жылында арнайы санитарлық талаптар қойылмайды. Барлық оқу кабинеттері жаңа оқу жылына толықтай дайын. Сабақтың басталуы бірінші кезең 8.00, екінші кезең 12.00, үшінші кезең 14.00..»

Қабылданған қаулы: Мектептің жаңа оқу жылына дайындығы қанағаттанарлық деп танылсын.

2 мәселе бойынша Лямов Д баяндады:

«Құрметті қамқоршылық кеңес мүшелері, мектеп директоры атап өткендей биылғы оқу жылында өзгерістер көп. Әдеттегідей жаңа оқу жылында төрт отырысымызды өткіземіз деп ойлаймын. Бала саны көбейіп отыр дегесін, және де тамақтану асханада бір мезгіл болады, өте сапалы тамақтануды қамтамасыз етуіміз керек. Келіп жатырған отбасылардың әлеуметтік жағдайын білмейміз, мүмкін, мектебіміз бойынша көмекке мұқтаж отбасылар болуы мүмкін. Оларға көңіл бөлуіміз керек. Мектепте ұйымдастырылатын барлық шараларға отбасыларды қатысуға шақырамын.

Қабылданған қаулы: Қамқоршылық кеңестің жаңа жоспары бекітілсін.

3 мәселе бойынша мектеп әлеуметтік педагог сөйледі:

«Жыл сайынғы жаңа оқу жылы басталар алдындағы өткізілетін республикалық «мектепке жол» акциясы биылғы оқу жылында 1 тамыздан бастап өз жұмыстарын бастады.

Мектебіміздегі 2023-2024 оқу жылына арналған көмекке тоқталатын болсақ: жалпы 11 аз қамтылған отбасы және 6 көп балалы отбасы, және 6 асыраушысынан айырылған отбасынан шыққан оқушылар бар. Соның ішінде әлеуметтік педагогтарға құжат тапсырып, жалпыға бірдей оқу қорынан көмек алған оқушылар саны - 11.

Акцияның мақсаты: жаңа оқу жылына дайындық уақытында аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету; баланың әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалуының алдын алу; жетім балаларға, ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, көп балалы, тұрмыс жағдайы төмен отбасыларына нақты көмек көрсету болып табылады.

Тұрмысы аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан балалар тізімі нақтыланып, олардың шарадан тыс қалмауы қамтамасыз етілді.

Атаулы әлеуметтік көмек алатын, көп балалы және асыраушысынан айырылған отбасы, табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан асып тұрған 9 оқушыға демеушілік қорынан мектепке оқ-құралдар, сөмке және спорттық киімдермен (спорттық жиде шалбарымен) қамтамасыз етілді.


Жалпы 1-тамыз бен 31-қыркүйек аралығында акция аясында 38 оқушыға 211250 теңге көлемінде оқу құралдарымен, спорттық киім, сөмке, қысқы аяқ киім мен күртеше берілді. Көмек көрсетуге мектеп ата-аналары белсені қатысты.»

Қабылданған қаулы:

1. Мектепке жол акциясы ескеріліп, аз қамтылған оқушылардың жағдайы назарда ұсталсын.
2. Мектептегі тамақтану барысы үнемі қатаң қадағаланып, жғары сапа қамтамасыз етілсін.

Төраға:

Хатшы:



Лямов Д

Садыкова Л